

Жапон Үкіметінің мәдени грантын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 1317

Жапон Үкіметі мәдени грантының 45 700 000 (қырық бес миллион жеті жүз мың) жапон йені сомасындағы қаражатын "Медеу" биік таудағы мұз айдыны үшін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мәдени гранттың қаражаты есебінен алынған техникалар мен жабдықтарды мақсатты және тиімді пайдалануға жауапкершілік Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігіне жүктелсін.

2. Жапон Үкіметі қайтарусыз көмек ретінде берген және гранттың есебінен қаржыландырылып әкелінетін тауарлар, көрсетілетін қызметтер қосылған құнға салынатын салық пен кеден төлемдерінен босатылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Токио-Митцубиси

Жапон Банкімен келісім бойынша грант шоттарына қызмет көрсетумен байланысты банктік және ілеспе шығыстарды республикалық бюджет қаражатынан төлеуді көздесін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті:

аталған жобаны іске асыруды жалпы үйлестіруді жүзеге асырсын;

Токио-Митцубиси Жапон Банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын ашсын;

Жапон Үкіметі айқындаған Жапон халықаралық ынтымақтастық жүйесінің тәуелсіз атқарушы агенттігімен (JICS) келісім-шарт жасассын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК